

Бракераж комиссиясы отырысының № 6 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген уақыты: 18 желтоқсан 2025 жыл

Басталды: 12:00

Аяқталды: 13:00

Өткізілген орны: Музыка залы

Қатысқандар саны: 15

Ата-аналар: 6

Ішкі қызметкерлер: 9

Комиссия төрайымы: Г.Б. Мырзагулова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Азық-түліктің сақталу жағдайы
2. Сынама алу тәртібі
3. Асхана қызметкерлерінің жеке гигиенаны сақтауы
4. Балаларға берілетін астың сапасы мен мөлшері

ТЫҢДАЛДЫ:

Бракераж комиссиясы ата-аналар мен балабақша әкімшілігі өкілдерінен құрылып, комиссия төрайымын қоса алғанда жалпы саны 10 адамды құрады. Комиссия отырысы барысында акт жасалып, балабақшадағы ас мәзіріне нормативтік талаптарға сәйкес сараптама жұмыстары жүргізілді.

Комиссия төрайымы Г.Мырзагулова сөз сөйлеп, комиссия мүшелерін бракераж комиссиясының атқарылып жатқан жұмыстарымен таныстырып, балабақшада тамақтануды ұйымдастырудың жұмыс жоспарын, ас мәзірінің сақталуын, тамақтану бойынша жүргізілген есеп-қисапты және санитарлық талаптардың орындалу барысын толықтай түсіндіріп өтті. Емдәм бикесі М. Жеңісова баяндама жасап, төмендегі мәселелерге тоқталды:

- *азық-түліктің сақталу жағдайы;*
- *балаларға берілетін тағамның сапасы мен мөлшері;*
- *дайын тағамнан сынама алу тәртібі;*
- *асхана қызметкерлерінің жеке гигиенаны сақтау деңгейі.*

Қоймадағы азық-түлік өнімдері санитарлық талаптарға толық сәйкес орналастырылған. Атап айтқанда, ет өнімдеріне арналған жеке тоңазытқыш, сүт өнімдері мен көкөністерге арналған бөлек тоңазытқыштар бар. Құрғақ өнімдерге арналған арнайы бөлме, сондай-ақ дәнді дақылдарды сақтауға арналған белгіленген орындар мен ыдыстар қарастырылған.

Қоймада және тоңазытқыштарда сақталған азық-түлік өнімдерінің сақтау мерзімі санитарлық талаптарға сай. Әрбір азық-түлік өніміне сәйкестік сертификаттары мен сапа құжаттары бар.

Дайын тағамнан сынама күнделікті таңғы ас, түскі ас және кешкі астан алынады. Алынған сынамалар белгіленген тәртіпке сәйкес таңбаланып, 48 сағат бойы тоңазытқышта сақталады.

Асхана қызметкерлері арнайы жұмыс киімдерімен қамтамасыз етілген, жеке гигиена талаптарын қатаң сақтайды. Қол жуу, тазалық сақтау және санитарлық ережелердің орындалуы тұрақты бақылауда.

Балаларға берілетін астың сапасы мен мөлшері – балабақшада балаларға ұсынылатын тағамдар бекітілген ас мәзірі мен санитарлық нормаларға толық сәйкес дайындалады, тағамның сапасы, дәмдік көрсеткіштері және порция мөлшері балалардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып белгіленген нормалар бойынша қамтамасыз етіледі.

«Зерек» тобының ата-анасы Д.Джунусова бракераж комиссиясы құрамында балаларға берілетін тағамның сапасына бақылау жүргізіп, дайын тағамның дәмін татып көру арқылы тексерді. Тексеру барысында тағамның сапасы мен мөлшеріне қатысты ескертулер анықталған жоқ. Балалар өз алдарындағы тағамды толықтай тұтынды. Тамақтану кезінде әр үстел санитарлық талаптарға сәйкес клеенкамен жабылған, ас ішуге қажетті ыдыстар таза әрі талапқа сай екендігі айтып өтті.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша қоймасындағы және тоңазытқыштардағы азық-түлік өнімдерінің сақталу жағдайы санитарлық талаптарға сай деп танылсын, сақтау мерзімдерін тұрақты бақылау жалғастырылсын.
2. Дайын тағамнан сынама алу тәртібі белгіленген санитарлық ережелерге сәйкес жүргізілсін және сынамалардың 48 сағат бойы тоңазытқышта сақталуы қатаң қадағалансын.
3. Асхана қызметкерлерінің жеке гигиенаны сақтау деңгейі қанағаттанарлық деп бағалансын, санитарлық талаптарды сақтау бойынша бақылау жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Балаларға берілетін тағамның сапасы мен мөлшері бекітілген нормаларға толық сәйкес деп танылсын, тамақтануды ұйымдастыру балалардың жас ерекшеліктеріне сай жалғастырылсын.

Комиссия төрайымы :

Г.Б Мырзагулова

Хатшы :

Ф.Е. Әбдімбаева

Әдіскер:

Ж.С. Жаркенова

Шаруашылық жөніндегі орынбасар:

Л.Ж. Жигитбаева

Тәрбиеші:

Ем.дәм медбике:

Қоймашы:

Д.Н. Едилова

М.М. Жеңісова

С. Н Бестаева

Ата-Аналар :

1. «Зерек» кіші тобы
2. «Көркем» ересек тобы
3. «Болашақ» ересек тобы
4. «Ғибрат» ересек тобы
5. «Озат» мектепалды тобы
6. «Парасат» ересек тобы

Д.Е.Джунусова

А.К.Жайсанбек

А.Т.Мусагулова

С.Т.Никишева

А.Е.Бегажанова

Г.А.Қалдыбекова



